

**Қылмыстық - атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

### *Күшін жойған*

Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 8 мамырдағы № 180 қаулысы. Оңтүстік Қазақстан облысының әділет департаментімен 2013 жылғы 31 мамырда № 2296 болып тіркелді. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының әкімдігінің 2016 жылғы 13 сәуірдегі № 88 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Оңтүстік Қазақстан облысы Кентау қаласының әкімдігінің 13.04.2016 № 88 қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабының 1-тармағының 14-3) тармақшасына және "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабының 5-5), 5-6) тармақшаларына сәйкес қала әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қылмыстық - атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын қадағалау аудан әкімінің орынбасары Е. Бектаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Кентау қаласының әкімі*

*Б. Байсалов*